

A. ОРАЗЫМБЕТОВА, А. Ж. СҮЙІНБАЕВА

## ӘУЕ КӨЛІГІ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТИНДЕГІ ТІЛДІК КӨРІНІС МӘСЕЛЕЛЕРЕІ

Қазіргі таңдағы әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында әуе көлігі маңызды факторлық орынға ие болып отыр.

Кеңінен дамыған қаржылық, еңбектік және тауарлық ресурстық ағымдар жүйелі түрде АҚШ – Европа – Оңтүстік-Шығыс Азия және Қытай елдерінің ұшбұрышты тоғысуын құрайды. Қазақстан Европа мен Азия аралығындағы транс-континентальды көпір қызметін аткарады.

Қазіргі уақытта Батыс Европа мен Шығыс Азия арасында 6 миллион TEU астам жүктөр (АҚШ долларына шаққанда 250 млрд. құрайды) тасымалданады.

Азаматтық авиацияда да жүк таситын авиа-тасымалдағыштардың саны артуда. Әлемдікрынок ұдайы түрдегі жүк таситын авиатасымалдағыштарды 50 млрд. долларға бағалап отыр. 2015 жылы олардың саны 105 млрд. долларды құрайды деген болжам бар. Алдымыздағы 20 жылдықта жолаушыларды тасымалдау көлігінің саны 2 есеге көбейетіндігі жөнінде айтылуда.

Зерттеушілердің пікірінше, жақын уақыттағы 20 жылдықта жүк таситын авиатасымалдағыштардың саласын қызметпен қамтамасыз ету үшін 3600 авиалайнерлердің, олардың 800-ін құрастырып, ал қалғандарын – пайдаланылған жолаушы лайнерлерінен қайта жасау қажеттілігі туындауда.

Алматы қаласының халықаралық әуежайы жыл сайын 4,5 мың транзитті жүк тасығыш авиарейстерге қызмет көрсетеді. Ол Орталық Азиядағы ірі шоғырланған жүйе болып табылады. Осы мақсатты пайдалана отырып Астаналық және Алматылық әуежайлардың өлеуеti жүк тасымалдауда қарқынды өсүде. РГП «Казаэронавигация» әуе жолдарының санын күрт ұлғайтуда. Республика территориясы аймағынан 60 мың шакырымға созылған әуе трассасы өтеді. 2009 жылға дейін, бұл көрсеткіштердің үш есеге дейін артуы мүмкін [1; 259].

Нақты дәлелдер арқылы сөз етіп отырған салада – әуе көлігі саласындағы әлеуметтік топ, яғни қызмет көрсетуші тұлғалардың әлеуметтік көрінісі бірінші орында тілден орын алады.

Қызмет көрсету түрлері, адамдар арасындағы қарым-қатынас тіл арқылы өрбиді.

Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде міндепті түрде қолданылуға тиісті:

1) Қазақстан Республикасы үкіметінің мемлекеттік органдар қызметінде, басқа да мемлекеттік органдарда, жергілікті басқару орындарында, барлық іскерлік қарым-қатынастағы іс жүргізу құжаттарында;

2) Қазақстан Республикасындағы референдумдар мен сайлауларды жүргізу барысында;

3) Қазақстан Республикасының қылмыстық істер және сот жүргізілу ісінде;

4) Қазақстан Республикасында қабылданатын құқықтық нормативтік актілер мен заң мәтіндерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық көлісімшарттарында;

5) Мемлекеттік билік органдары және өзін-өзі басқару органдары арасындағы өзара қарым-қатынаста, Қазақстан азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ үйымдар мен қоғамдық бірлестіктерде;

6) Қазақстан Республикасының аймағында әрекет етуші халықаралық және шетелдік үйимдардың Қазақстан Республикасындағы өзара қарым-қатынаста;

7) өнеркәсіптерде, көліктерде, энергетика мен байланыс саласында [2; 7].

Қазіргі кездегі Қазақстан әуе жолының ауқымы белесенді түрде дамуда және де үшу әкіпаждары мен диспетчерлік тұлғалардан кәсіби тілін – қызмет көрсету барысында қолданылатын қазақ тілін жетік білуі талап етілуде.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы Заңында»: «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі өрі оның өзіне тән ажырамас белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденүі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» дедінген.

Тіл – қоғамның жемісі. Тілдің қоғаммен байланысын айқындау үшін тілдің үгіт-насихат құралы, орасан зор үйымдастыруышылығы туралы, оның өндіріске, қоғамның экономикалық құрылышына, идеология саласына, ғылым мен техникаға, мәдениет пен тұрмыстың барлық

жақтарына катысы жөнінен негізгі қатынас құралы ретінде қарастыра отырып, оның әлеуметтік ортадағы құндылығын ұғынуымыз қажет. Тілді пайдаланатын қоғамның, халықтың тарихына терең бойлай отырып, тіл фактілерін халықтың материалдық және рухани мәдениеті тарихының мағлұмматтарымен салыстыра отырып, оның қызметін айқын түсінуге болады. Демек, тіл – әлеуметтік сипаттағы құбылыс. Тіл – адамдар арасындағы аса маңызды қарым-қатынас құралы. Тіл – адамзат баласын қазіргі өркениетке жеткізген ұлы күш.

Тіл – қоғам өмірін ұйымдастырушы басты күш. Профессор Б.Хасанұлы: «Тіл түрлі әлеуметтік факторлардың әсерінен өзгеріске түсіп, сонымен қатар өзі де қоғам дамуына белгілі бір дәрежеде әсер етіп отырады», – дейді [3, 50]. Сондықтан, тіл – қоғамның әлеуметтік және экономикалық өрлеуі мен дамуының, халық пен қоғам өміріндегі өзгерістердің айнасы.

Тілдің дамуы қоғамның дамуымен және сол тілді жасаушы, қолданушы халықтың дамуымен тығыз байланысты.

Мемлекеттік тілдің жұмыс істеуін қамтамасыз етудің неғұрлым курделі участекелерінің бірі халыққа қызмет көрсету саласы болып отыр. Бұл аталған саладағы тілдік қызмет мемлекеттік реттеудің күрделілігімен сабактасып жатыр. Алайда, мемлекеттік тілдің денсаулық сақтау, сауда, көлік және байланыс сияқты салаларға енүи мүмкіндігінше мұндай ықпал ету мемлекет тараپынан жүзеге асыруға болатын жерлерде іске асырылуы тиіс. Аталған талаптар атқаруға тиісті көсіби міндеттердің қажеттігімен сабактасып жатқан салаларда мемлекеттік тілді менгеру бөлігінде міндетті талаптарды белгілеу қажет. Оларға денсаулық сақтау, байланыс, көлік ұйымдары, банктердің есеп-кассалық бөлімдері жатады.

Тіл заңында айдан анық көрсетілген: мемлекеттік тіл – «Қазақстан халқын топтастырудың

аса маңызды факторы», ал оны менгеру – «Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», соның ішінде өзге көлігі саласындағы тұлғаларының да парызы [4.342].

«Барлық денгейдегі мемлекеттік органдар мен оның басшылары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыруға негізгі жауапкершілікті өз мойнына алады. Қазақ тілін білу, оны қолдану мен насихаттау өкімет органдары тарапынан көтермеленіп отыруға тиіс. Қазақ тілін менгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі».

Тілдің қолданылуын әлеуметтік жағынан зерттеу нәтижесінде жалпы сөйлеушілердің әлеуметтік-кәсіби мәртебесі мен тілдік құзіреті арасында тығыз байланыс барықтады.

Қай салада болсын істін қарқынды жүруи мамандардың біліктілігіне байланысты. Қазіргі кезеңде кәсіби, қызмет тілі үшқыштарға, инженерлерге және авиациялық құрал-жабдықтарға қызмет көрсетуші инженер мамандықтары бойынша жоғары білімді болашақ авиация мамандарына оқу үдерісіне енгізілгендейтін, олар қажетінше тілді қызмет барысында қолданып, сол деңгейде сөйлеседі.

Сондықтан, тілді менгеру сапасын арттырудың ендігі бір жолы оның қажеттілігін сезіндіру. Яғни, қай мамандарды болмасын жұмыска қабылдау барысында мамандардың біліктілік сапасына қойылатын көрсеткіш дәрежелері де нақтылануы тиіс.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Бекмамбетов М. Динамикалық Қазақстан. Алматы, 2007. 259 б.
2. Мемлекеттік тіл саясаты. Қазақстан Республикасының Конституциясынан. Алматы: Арқас, 2005. 7 б.
3. Хасанұлы Б. Қазақстан халықтарының тілдері. Алматы: Арда, 2007.
4. Текесбаева Г.М. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі тілдің рөлі. 342 б.
5. КР Тіл саясаты тұжырымдамасы // Терминологиялық жинақ. Алматы: Сөздік-словарь, 2002. 37-б.